

**Астана қаласы әкімдігінің №58 «Өркен» балабақшасы» мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорны**



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім  
беретін оқу бағдарламасын іске асыратын  
№58 «Өркен» балабақшасының өзін-өзі бағалау құрылымы**

**Астана қаласы, 2024 жыл**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы**

Балабақшаның өзін-өзі бағалауы туралы бұйрық  
Өзін-өзі бағалау мақсаты, міндеттері

### **II Кадрлық құрамға талдау**

2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық кадрлар туралы мәліметтер

Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы

Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет

Балабақша педагогтерінің біліктілік деңгейін көтеру **III**

### **Тәрбиеленушілер контингенті**

Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы **IV**

### **Оқу-әдістемелік жұмыс**

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық- педагогикалық сүйемелдеу

Педагог-психологтың жұмысын ұйымдастыру

Мектепке дейінгі ұйымында инновациялық жобаларды енгізу **V**

### **Оқу-материалдық активтер**

Ғимарат туралы мәлімет

Ақылы қамтамасыз ету туралы ақпарат (қосымша қызмет)

Жиһаз және жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтер

### **VI Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры**

Оқу-әдістемелік кешендер

### **VII Тәрбиеленушілердің білімін бағалау**

Тәрбиеленушілердің дамуына мониторинг (*бастапқы, аралық, мониторинг*) есебі

## I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

<b>Білім беру ұйымының атауы:</b>	Астана қаласы әкімдігінің №58 «Өркен» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
<b>Білім беру ұйымының орналасқан жері:</b>	Қазақстан Республикасы, 010000 ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Б.Соқпақбаев көшесі 20/6 ғимарат
<b>Салынған жылы</b>	2010 жыл
<b>Ғимараттың типтік сипаттамасы</b>	2 қабатты типтік ғимарат
<b>Жобалық қуаты</b>	336
<b>Заңды тұлғаның байланыс деректері: (балабақшаның телефоны, электрондық поштасы, веб-сайты)</b>	Телефон: 8(7172)-24-93-02 E-mail: sadik58urken@bk.ru Сайт:
<b>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері</b>	№58 «Өркен» балабақшасының меңгерушісі Мырзагулова Гульнур Бакиржановна Еңбек өтілі - 15 жыл Осы лауазымдағы еңбек өтілі - 11 ай Астана қаласы әкімдігінің «№ 58 «Өркен» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Бұйрық №1936 02.10.2024
<b>Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (жарғы және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, не қайта тіркеу туралы анықтаманың / куәліктің көшірмесі қоса беріледі):</b>	Жарғы: Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 03 ақпандағы №26770 бұйрығына 7-қосымша; БСН: 110140018008 Берілген күні: 2023 жылғы 13 ақпан

<b>Рұқсат беру құжаттары:</b>	«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесінің мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы Хабарлама №KZ65RVK00044034 Берілген күні: 2022 жылғы 22 желтоқсан
<b>Медициналық лицензиясы:</b>	Медициналық қызметпен айналысуға Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы 2013 жылғы 29 шілде №13012037 лицензиясын берді.
<b>Санитарлық - эпидемиологиялық қорытынды:</b>	Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды №09/332. Берілген күні: 20.05.2011ж.
<b>Техникалық паспорт:</b>	Кадастрлық нөмірі: 21:319:016:787 Берілген күні:20.08.2010 ж.

Астана қаласы әкімдігінің «№58 «Өркен» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2010 жылы пайдалануға берілген. Мектепке дейінгі мекеме Жарғы бекітілген негізінде жұмыс атқарады. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымда толық күнді 12 топ, 4 шағын орталық топтар бар. Оның ішінде мемлекеттік тілде тәрбиеленетін 15 топ, кіші топ -1, ортаңғы топ-4, ересек-3, мектепалды-3 және шағын мектепалды-3, шағын ересек тобы-1, орыс тілінде мектепалды-1, топтары бар. Астана қаласы әкімдігінің «№58 «Өркен» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны) балалармен аптасына толық бескүндік жұмыс тәртібімен 10,5 сағат, сондай-ақ төрт топ шағын орталығында жарты күндік жұмыс тәртібімен жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі ұйымының жалпы әдістемелік бағыты мектепке дейінгі ұйымдардағы аржылық сауаттылықты арттыруға негізделген. Бұл жоба баланы барлығына ортақ талаптарға сай емес, оның дамуына, еркіндікке, бостандыққа көмектесуге шақырады.

## **Өзін өзі бағалаудың мақсаты**

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің сапасын жан-жақты талдау;  
Ішкі процестердің тиімділігін анықтау және жетілдіру жолдарын белгілеу;  
Педагогтердің кәсіби қызметін дамытуға бағыт беру;  
Білім беру ортасының жағдайын бағалау арқылы балаларға қолайлы, қауіпсіз,  
дамытушы орта қалыптастыру;  
Ата-аналармен, қоғаммен өзара байланыс сапасын талдау;  
Мақсатты жоспарлау мен стратегиялық дамуға негіз жасау.

## **Өзін-өзі бағалаудың міндеттері**

1. Білім беру процесінің сапасын талдау: тәрбие мен оқыту мазмұнының мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін бағалау.
2. Тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін анықтау: педагогикалық шеберлігін, әдістемелік дайындық деңгейін саралау.
3. Даму ортасының жағдайын бағалау: материалдық-техникалық база, қауіпсіздік пен санитарлық талаптардың орындалуы.
4. Балалардың даму деңгейін талдау: жас ерекшелігіне сай білім, дағды, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын бағалау.
5. Ата-аналармен жұмысты бағалау: кері байланыс, серіктестік, қанағаттану деңгейін анықтау.
6. Ішкі басқару жүйесін талдау: ұжымішілік коммуникация, жоспарлау, құжаттаманың жүргізілу сапасы.
7. Мәселелерді анықтап, даму бағытын ұсыну: түзету және жетілдіру шараларын жоспарлау.

## **II. Кадрлық құрамға талдау**

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша №58 "Өркен" балабақшасында 2024 жылғы 1 қыркүйектегі ақпарат бойынша барлығы 42 педагог қызмет атқарды, оның ішінде 22 тәрбиеші және меңгеруші мен әдіскерлерді қоса алғанда 20 педагог мамандар жүзеге асырды. Кадрлық құрамды бекіту №58 «Өркен» балабақшасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақшасы Жарғысына сәйкес, педагогикалық ұжым білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты бойынша жүзеге асады. 2024-2025 оқу жылындағы педагогтердің құрамы: Меңгеруші-1;

Әдіскер-1;

Инновация әдіскері-1;

Музыкалық жетекші-3;

Дене шынықтыру нұсқаушысы-2;

Педагог-психолог-3;

Логопед-2;

Дефектолог-2;

Қазақ тілі-3;

Тәрбиешілер-22

Педагог-ассистент-4

### **2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық кадрлар туралы мәліметтер**

МКҚК №58 «Өркен» балабақшасы тәрбиешілерінің сапалық құрамын талдау кезінде, балабақша меңгерушісі мен әдіскердің тәрбиелік білім беру процесінің сапасын бақылауды қамтамасыз ететін және мектепке дейінгі базалық білімі бар деректері ескерілді.

Тәрбиешілердің сапалық құрамын талдау кезінде, қазіргі уақытта балабақшада 15 тәрбиешінің мектепке дейінгі білімі бар екені оның ішінде жоғары білім-8, арнаулы орта-7, қалған 7 тәрбиешінің қайта даярлау курстарынан өткенін көрсетті.

## Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің білім деңгейі

№	Барлық тәрбиешілер саны	Оның ішінде		Үлесі
		Мектепке дейінгі білімі бар тәрбиешілер саны	Қайта даярлау курсынан өткен тәрбиешілер саны	
1	22	15/69%	7/31%	100 %

## Жалпы педагогтердің білім деңгейі

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Жоғары білімі бар педагогтер	Арнаулы орта білімі бар педагогтері
2024-2025	42	33/79%	9/21%

Педагогикалық кадрлардың білім деңгейін талдау қазіргі уақытта жоғары білімі бар педагогтардың саны-33, яғни жоғары білімі бар педагогтер-79%-ды құрайды. Арнаулы орта білімі бар педагогтер саны-9, бұл 21 %-ды құрайды.

## Біліктілік санаты бойынша педагогтар құрамы

Оқу жылы	Барлығы	Бірінші санат	Екінші санат	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог
2024-2025	42	1/2,3%	1/2,3%	1/2,3%	1/2,3%	18/43%	20/53%

## **Педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет**

### **Балабақша педагогтерінің біліктілік деңгейін көтеру**

Балабақша тәрбиешілері мен педагог мамандар өздерінің білім және біліктілік деңгейін жүйелі түрде көтеріп отырады. Әрбір педагог жыл сайын өз білімдерін көтеру үшін жаңарған, ақпараттық ағымы қуатты, жоғары инновациялық әдістерді меңгеру бағытында халықаралық, республикалық, қалалық білім жетілдіру курстарынан өтіп тұрады. Мектепке дейінгі ұйымда педагогтердің біліктілігін арттыру үшін келесі нысандар қолданады:

**Біліктілікті  
арттыру  
курстары**

**Педагогикалық  
кеңестер**

**Топтық және жеке  
консультация**

**Педагогикалық  
кадрларды**

**Жұмыстың  
инновациялық**

**Озық  
педагогикалық  
тәжірибе**

### III Тәрбиеленушілер контингенті

«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағдаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 маусымда № 20883 болып тіркелді. Осындай жүйе бойынша INDIGO автоматтандырылған қызметі арқылы №58 «Өркен» балабақшасы қабылданған тәрбиеленушілер жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, 2024-2025 оқу жылының басында жасақталды:

Кіші топ-2 жастағы балалар;

Ортаңғы топ-3 жастағы балалар;

Ересек топ-4 жастағы балалар;

Мектепалды топ-5 жастағы балалар болып бөлінеді.

№58 «Өркен» балабақшасында 12 топ, 2 топ шағын орталық жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады-11 топ; оның ішінде: кіші топ-1; ортаңғы топ-4; ересек топ-4; мектепалды топ-2; шағын орталық-4; орыс тілінде-1 топ жұмыс жасайды; оның ішінде 1-мектепалды тобы.

Жобалық қуаттылық -336

## Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы

### Түсіндірме жазба №58 « Өркен» балабақшасындағы 2024-2025 оқу жылдарындағы тәрбиеленушілер саны

2024 жылғы 1 қыркүйекте 353 бала, шағын орталық-79 баланы  
(барлығы-432 бала)

#### Балабақшаның жас топтары бойынша:

№	Топтар атауы	Жас кезеңі	01.09.2022 Балалар саны
1	«Зерек» тобы	Кіші тобы	25
2	«Көркем» тобы	Ортаңғы топ	31
3	«Тұмар» тобы	Ортаңғы топ	29
4	«Ғибрат» тобы	Ортаңғы топ	30
5	«Шабыт» тобы	Ортаңғы топ	30
6	«Тәлім» тобы	Ересек тобы	28
7	«Өнерлі» тобы	Ересек тобы	30
8	«Озат» тобы	Ересек тобы	28
9	«Өнеге» тобы	Ересек тобы	28
10	«Болашақ» тобы	Мектепалды тобы	28
11	«Парасат» тобы	Мектепалды тобы	32
12	«Ұлағат» тобы	Мектепалды тобы	34
	<b>Барлығы</b>		<b>353</b>

#### Шағын орталық бойынша

№	Топтар атауы	Жас кезеңі	Балалар саны
1	«Тұлға» тобы	Мектепалды тобы	25
2	«Талапты» тобы	Мектепалды тобы	26
	«Дарын» тобы	Мектепалды тобы	14
	«Алғыр» тобы	Ересек тобы	14
	<b>Барлығы</b>		<b>79</b>

(3- қосымша)

Бүгінгі таңда топ тардың жас ерекшеліктерін анықтау осы мектепке дейінгі топтарға балаларды қабылдау кезінде қолданыста болған Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларының талаптарына сәйкес келеді. Мысалы, 2018 жылы жас кезеңділігіне өзгерістер енгізіліп, Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары өзгертілді. Осылайша, Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 1 қазанындағы №527 бұйрығына енгізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 20 маусымдағы №254 бұйрығымен Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің жаңа қағидалары бекітілді, оған сәйкес жолдама бойынша баланың жасы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап толық жастан бастап ескеріле бастады.

2022 жылы Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы бұйрығымен қолданыстағы Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының 28-ші тармағына №254 жас кезеңділігі бойынша тағы да өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда жолдаманы беру кезінде ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегіне жасы 6 жастан аспайтын балаларды қоспағанда күнтізбелік жыл үшін балалардың жасы есепке алынады.

### **2-3 жастан бастап кіші жас топтарында:**

01.01.2022-31.12.2022

дейінгі балалар есепке алынды.

Жолдаманы беру кезінде «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 22 маусымдағы №254 бұйрығы қолданыста болуына байланысты, соған сәйкес жолдама беру кезінде баланың жасы толық жыл ретінде ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде ескеріле бастады.

### **3-4 жастан бастап орта жас топтарында:**

01.01.2021-31.12.2021 дейінгі

балалар есепке алынды.

Жолдаманы беру кезінде «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 22 маусымдағы №254 бұйрығына өзгерістер енгізуіне байланысты «Мектепке дейінгі тәрбие туралы» Заңы күшінде болды. Осыған сәйкес жолдама беру кезінде ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап баланың жас толық жастан бастап ескеріле бастады.

### **4-5 жастан бастап ересек жас топтарында:**

01.01.2020-31.12.2020 дейінгі

балалар есепке алынды.

Жолдаманы беру кезінде «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 22 маусымдағы №254 бұйрығына өзгерістер енгізуіне «Мектепке дейінгі

тәрбие туралы» Заңы күшінде болды. Осыған сәйкес жолдама беру кезінде ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап баланың жас толық жастан бастап ескеріле бастады.

#### **5-6 жастан бастап мектепалды топтарында:**

01.01.2019-31.08.2019

09.01.2018-31.12.2018 дейінгі балалар есепке алынды.

Жолдаманы беру кезінде «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 22 маусымдағы №254 бұйрығына өзгерістер енгізуіне «Мектепке дейінгі тәрбие туралы» Заңы қолданылды. Осыған сәйкес жолдама беру кезінде ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап баланың жас толық жастан бастап ескеріле бастады. Сондай-ақ, «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 14-тармағының 4-тармақшасына сәйкес жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру мамандандырылған. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арнайы білім беру ұйымдары «тәрбиеленушілерді бір жас тобынан екіншісіне ауыстыру 1 тамыздан 31 тамызға дейін жүзеге асырылды. Сонымен бірге «Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазанындағы №564 бұйрығы. 1 сыныпқа 1 қыркүйекте толық 6 жасқа толған балалар және ағымдағы жылдың соңына дейін 6 жасқа толған балалар қабылданады. Сондықтан таңдау ата-ананың қолында. Егер ата-аналар баласын жасы 6-ға толмаған болса да мектепке беругі шешім қабылдаса, мектепке дейінгі ұйым баланы мектепке дейінгі ұйыммен қамтамасыз етуге міндетті.

#### **IV. Оқу-әдістемелік жұмыс**

№58 "Өркен" балабақшасының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіруге бағытталған. Мектепке дейінгі ұйым тәрбие-білім беру үдерісін мыналарға сәйкес жүзеге асырады: Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады және мектепке дейінгі ұйымның Жарғысымен айқындалады.

## Тәрбие мен оқыту процесі

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (№348 бұйрық 03.08. 2022ж) пен әдістемелік нұсқаулық арқылы перспективалық жоспар, циклограмма, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу арқылы сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, таңғы балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (*ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.*), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2023-2024 оқу жылдары балабақша топтарында ұйымдастырылған іс-әрекетті тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкестәрбиеші балаларды оқыту мен тәрбиелеуді күнделікті өмірде жүзеге асырып отырады: күні бойы олардың білімін толықтырды, әртүрлі: мәдени-гигиеналық, мінез-құлық мәдениеті, сөйлеу тілі, есептеу, қимыл және т.б. іскерлік пен дағдысын қалыптастырды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті тәрбиешінің басшылығымен өтеді, ол балаларға жаңа білім берді, білетіндерін дәлдеп, бір жүйеге салды, практикалық іс-әрекеттерді ұйымдастырды, оның барысында балалар алған жаңа білімді нығайтып алуан түрлі іскерлікке, дағдыға үйретілді.

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

## **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу**

№ 58 «Өркен» балабақшасында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жағдай жасалған. Ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілерге арнап 16 балаға «Астана қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 15.11.2022 жылғы № 977 бұйрығына сәйкес 8 инклюзивті топ ашылды. Инклюзивті топтарға балаларды қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық (ПМПК) комиссиясының қорытындысының шешімімен жүзеге асырылған. Арнайы өзіміздің балабақша ішілік комиссиясының шешімі бойынша әр балаға арнайы жоспар құрады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға төмендегідей жағдай жасалған:

Ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілердің жас және даму ерекшеліктерін ескере отырып білім алуы қамтамасыз етіледі.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-анасы (заңды өкілі) білім беру формасын және баланың құқығын қорғауы қамтамасыз етіледі.

Балабақшада инклюзивті топ тәрбиеленушілеріне қалыпты деңгейдегі балалармен бірге білім алуы іске асырылған:

Нормативті-құқықтық және әдістемелік бағдарлама құрылды.

Баланың жан-жақты дамуына дамытушы орталар құрылды.

Арнайы мамандармен қамтылды.

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы Қазақстан Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы». Ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің бұзылыстарын және психофизикалық дамуын ескере отырып, инклюзивті топ балаларына циклограмма, перспективалық жоспар, жеке даму картасы құрылады. Әрбір ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушіге жеке-түзету бағдарламасы құрылады. *(Балабақша сайтына электронды нұсқасы жүктелді)*

Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын

бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес.

Мектепке дейінгі ұйымда қамтылған:

Әдістемелік кабинет

Дене шынықтыру залы

Бассейн

Музыкалық зал

Тұзды үңгір

Сенсорлы бөлме

Медициналық пункт

Арнайы мамандардың кабинеттері: логопед, дефектолог, педагог-психолог.

12 серуен алаңы.

Арнайы мамадардың кабинеті оқу әдістемелік, көрнекі және демонстрациялық құралдармен және түзете-дамыту материалдарымен жабдықталған. Сонымен қатар топтарда дамытушы ойыншықтармен оқу құралдарымен қамтамасыз етілген.

Тәрбиеленушілермен білікті мамандар күн тәртібі бойынша жұмыс атқарылады. («Мемлекеттік білім беру бұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы):

Тәрбиешілер

Музыка жетекшісі

Дене шынықтыру жетекшісі

Логопед

Музыка жетекшісі

Дене шынықтыру жетекшісі

Логопед

Дефектолог

Педагог-психолог

### **Педагог-психологтың жұмысын ұйымдастыру**

Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес балалардың эмоциялық қалпы мен психофизикалық денсаулығын сақтаудың талаптарын қамтамасыз ету, дамудың жағымды әлеуметтік ортасын қалыптасыру, педагогтарға, ата-аналарға, әкімшілікке көмек көрсетумақсатында балабақшада психологиялық қызмет ұйымдастырылған. Психологиялық қызметтің мақсаты- тұлғаны жаңа ортаға бейімдеу, балабақшаға алғаш келген кезде жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру, күн тәртібіне үйрену, сонымен қатар ата-анасына да балабақша өмірін таныстыра отырып, психологиялық көмек көрсету.

Психологиялық жұмыстың негізгі бағыттары:

Бақылау

Психодиагностика

Психопрофилактика

## Түзету-дамытушылық

### Кеңес беру

Балабақшадағы 12 топтың тәрбиеленушілеріне топтық және қажеттілік; туындаған жағдайда жеке диагностикалық, түзету, кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде атқарылып отырады. Балабақшаға жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңінен сәтті өтуі үшін психологиялық көмек көрсету мақсатында топтық тренингтер жүргізіліп тұрады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны 16. Педагог-психолог аталған балалармен аптасына 2 рет түзету-дамыту сабақтарын өтіп отырады. Психолог жұмысының негізгі мақсаты - бала дамуына кері әсер ететін тежелу аумағын анықтап, оларды түзету жұмыстарын жүргізу.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға психодиагностикалық тексеру жұмыстары жүргізіліп, олардың нәтижесі бойынша жеке оқыту жоспары құрылды. Жоспар балалардың диагноздарын және ПМПК мамандарының қорытындысының ұсыныстарын ескере отырып жасалды. Онда балалардың танымдық қабілеттерін (қабылдау, зейін, ойлау, есте сақтау және т.б), психоэмоционалды көңіл-күйін, ерік сапасын, өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған тақырыптар енгізілді.

### **Мектепке дейінгі ұйымында инновациялық жобаларды енгізу**

**Эксперименттің мақсаты:** Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің қаржылық сауаттылығын ұйымдасқан іс-әрекеттер барынсында оқытып-үйрету арқылы қалыптастырудың бағдарламасын жасау және оны тәжірибе жүзінде іске асыру.

#### **Міндеттері:**

\* балаларда қаржылық ұғымдар негізінде адамның қажеттіліктері туралы түсінік қалыптастыру: экономика, қажеттіліктер, өмір сүру нормалары, тауар, өнім, қызмет, тұтынушылар;

\* балаларға ресурстардың әртүрлі түрлері, "ресурстарды үнемдеу" ұғымы туралы түсінік беру; тауарлар мен қызметтерді өндірушілер туралы, тауарлар мен қызметтер алмасу, "нарық", "сұраныс" ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту, балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау принципі негізінде балалардың өздері практикалық мәселелерді шешуге жағдай жасау;

\* балаларды экономикалық терминдермен қаржылық сөздік, кроссворд, ойын, адамның өмірлік қажеттіліктерінің маңыздылығы арқылы таныстыру, мектеп жасына дейінгі балаларда қаржылық ойлау тәсілінің негізін қалау, балаларда сөйлеу этикеті, күнделікті өмірдегі мәдени мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін тәрбиелеу.

**Қаржылық сауаттылықтың маңыздылығы және оны ерте жастан қалыптастыру**

**Ерте бастан үйрету** (*Балалардың қаржылық дағдыларын қалыптастыру өмір бойы пайдалы болады*)

**Тәуелсіздікке әкеледі** (*Қаржыны дұрыс басқару балалардың сенімділігін арттырады*)

**Қиындықтарды жеңуге көмектеседі** (*Нарықтық экономикалық реалдарға дайын болу керек*)

**Мектепке дейінгі жастағы балалардың қаржылық түсініктері**


**Ақшаның мәні** (*Балалар ақша көмегімен заттар алуға болатынын түсінеді*)

**Қаражатты шектеу** (*Ақшаның шектеулі екенін білу басталады*)

**Сақтау және үнемдеу** (*Балалар қаражатты жинау ілімін меңгереді*)

Қаржылық сауаттылықты ерте жастан үйрету арқылы балаларды болашақта қаржылық шешімдер қабылдауға және ақша басқару дағдыларын дамытуға ынталандыру көзделуде.

Сондықтан жобаның ашылуына орай, «Қазақстан» телеарнасының тілшілері балабақшамызға келіп, бүлдіршіндерімен арнайы сұхбат жүргізіп, олардың қаржылық сауаттылық тақырыбындағы білімдерін байқады. Бүлдіршіндер сұхбат барысында өздерінің «**Ақшаны қалай үнемдеуге болатынын**», «**Ақша не үшін керек**», «**Сен ақша жинайсың ба?**» және «**Қазір қолыңда көп ақша болса қайда жұмсайсың?**» туралы ойларын ортаға салды. Көптеген балалар ойындар арқылы ақшаның маңыздылығын, сондай-ақ оның дұрыс басқарылуын түсінуге қызығушылық танытты. Бұдан бөлек, балабақшадағы оқу процесіне қаржылық сауаттылықты кіріктіру үшін арнайы бұрыштар, кабинеттер әзірленуде. Бұл шаралар балаларға ойын түрінде ұсынылып, олар ақша мен қаржы әлемін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Мысалы, балаларға «**Ойын дүкені**» сияқты іс-шаралар ұйымдастырылып, сол арқылы олар ақшаны үнемдеп, дұрыс жұмсауды үйренеді.



## **Өркен-БАЙ ақшасының шығу тарихы**

2024-2025 оқу жылында балабақшамызда қаржылық сауаттылықты дамыту мақсатында кешенді жұмыстар басталды. Бұл бағыттағы алғашқы қадам – балаларға ақша ұғымын түсіндіру, оның құндылығын сезіндіру және қаржыны дұрыс- басқару дағдыларын қалыптастыру болды. Осы мақсатта балабақша ішінде арнайы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тәрбиешілер мен ата-аналар арасында қаржылық сауаттылықтың маңыздылығы туралы пікір алмасулар ұйымдастырылды. Жобаның келесі кезеңінде балалардың қаржылық сауаттылығын ойын арқылы дамыту үшін балабақша ішінде «Өркен» супермаркетін ашу идеясы ұсынылды. Бұл супермаркетте балалар әртүрлі тауарларды сатып алу арқылы қаржылық операцияларды тәжірибе жүзінде үйренеді. Алайда, бұл үшін балалар қолдана алатын арнайы валюта қажет болды. Осыған байланысты тәрбиешілер мен ата-аналар бірлесіп, балаларға арналған шартты ақша жасау туралы шешім қабылдады. Барлық топтарға тапсырма беріліп, ата-аналар мен балалар өз қиялдары мен шығармашылықтарын пайдалана отырып, түрлі монеталар, валюталар, теңгелер жасап әкелді. Бұл жұмыстар көрме ретінде ұйымдастырылып, әрбір ұсынылған валюта нұсқасы талқыланды. Ата-аналардың белсенді қатысуымен өткен бұл шарада ең үздік ақша атауы ретінде «Өркен-БАЙ» ақшасы таңдалды «Өркен-БАЙ» атауы балабақшамыздың «Өркен» деген атауы мен қазақ тіліндегі «бай» сөзін біріктіре отырып, балаларға жақын әрі қызықты естілуі үшін таңдалды. Бұл валюта балалардың тәртіптілігі, белсенділігі, еңбекке қатысуы және жақсы әрекеттері үшін беріледі. Жиналған «ӨркенБАЙ» ақшаларын балалар «Өркен» супермаркетінде пайдаланып, өздері қалаған тауарларды сатып ала алады. Бұл әдіс балалардың еңбексүйгіштікке, үнемшілдікке және шығынды жоспарлауға дағдылануына мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, «ӨркенБАЙ» ақшасы – балалардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған тиімді құрал. Ол балалардың қаржылық мәдениетін қалыптастырып, болашақта ақылды, үнемшіл және жауапкершілікті азамат болуға дайындайды.



Балабақшамызда қаржылық сауаттылыққа бағытталған «Өркен-БАЙ» жобасы аясында ата-аналармен бірлесе ұйымдастырылған «Балабақша ақшасы» көрмесі өтті. Көрменің негізгі мақсаты – ата-аналардың шығармашылығын ынталандыру, бала мен ата-ана арасындағы серіктестікті нығайту және балаларға ақша туралы бастапқы түсінік беру.

Көрмеде әр топ ата-аналарымен бірлесіп жасаған түрлі монеталар мен купюралар, ерекше дизайндағы валюта үлгілері ұсынылды. Қатысушылар өз туындыларын түрлі материалдарды қолдана отырып жасаған: түрлі түсті қағаздар, картон, фольга, моншақтар мен стикерлер. Бұл көрініс балалар үшін де, ата-аналар үшін де ерекше тәжірибе болды. Көрме соңында ең үздік валюта үлгісі ретінде «Өркен-БАЙ» ақшасы таңдалып, жобаның ресми ақшасы ретінде бекітілді. Көрме барлық қатысушыларға жағымды әсер қалдырып, балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс нығая түсті.



## «Талапты» тобының тәрбиеленушісі Еркеназ – «Өркен-БАЙ» валютасының жеңімпазы атанды!



### Ертегілер елінде...

Балабақшамызда қаржылық сауаттылықты дамыту мақсатында ұйымдастырылып жатқан ісшаралар аясында

«**Жылан балық**» атты танымдық-театралды ертегінің қойылымы өтті. Бұл қойылым – балалардың қаржылық түсінігін кеңейтуге, үнемшілдік, еңбекке баулу және ақшаның маңызын түсіндіруге бағытталған. Қойылым желісі арқылы балаларға өз күшіңмен табыс табу, еңбектің қадірін білу, артық шығыннан сақтану сияқты қарапайым, бірақ маңызды қағидалар қызықты әрі жеңіл түсіндіру арқылы жеткізілді. Бұл әрекет олардың сөздік қорын, сахналық мәдениетін дамытуға да оң әсерін тигізді. Сонымен қатар, ертегі мазмұны ата-аналар мен тәрбиешілерге де ой салып, баланың ерте жастан қаржылық білім алуына жағдай жасау қажеттігін көрсетті. Қойылым соңында көрермен балалар мен ата-аналарға ертегіде айтылған негізгі қаржылық ұғымдарды бекіту мақсатында шағын сұрақ-жауап ұйымдастырылды. Бұл іс-шара – баланың тұлғалық, танымдық және қаржылық дамуын кешенді түрде жүзеге асыруға бағытталған сәтті тәжірибе болды.

### Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерден көрініс

Эксперименттік алаң аясында ашық көрсетілімдер өткізіліп, ата-аналар да балалардың қаржылық сауаттылықты меңгеру процесіне қатысып, оқу-танымдық шаралармен танысады. Әрбір ашық көрсетілімде балалар өздеріне берілген тапсырмаларды орындап, қаржылық жоспарлау мен үнемдеудің негіздерін үйренеді. Осылайша, балалар тек ойын арқылы ғана емес, нақты өмірлік тәжірибемен қаржының маңызын түсінеді. «Өркен-Бай» валютасының көмегімен балалар дүкендерде, қызмет көрсету орындарында немесе басқа да экономикалық ойындарда өз қаржысын пайдалануды үйренеді. Бұл балаларға ақша айналымының қалай жұмыс істейтінін, ақшаны дұрыс басқарудың және оның құндылығын түсінудің маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

**Қаржылық сауаттылық — бүгінгі таңда тек ересектерге ғана емес, балаларға да қажет болатын дағды. Өйткені, балалардың ерте жасынан қаржылық білім мен дағдыларды меңгеруі, оларды болашақта ақылды әрі жауапкершілікті шешімдер қабылдауға бағыттайды. Бүгінде көптеген балабақшаларда, оның ішінде бізде осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізілуде. Балалар қаржылық сауаттылықтың негізгі қағидаларын түсініп, қаржы әлемін тануға бас**

### **2025 жылдың сәуір айында қаламыздағы мектепке дейінгі ұйымдар арасында**

«Ата-аналармен байланыс технологиясының формалары мен заманауи модельдері және инновациялары» тақырыбында қалалық семинар өтті. Іс-шараға балабақша меңгерушілері, әдіскерлер, тәрбиешілер қатысты. Семинардың мақсаты – ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту, заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу арқылы балабақша мен отбасы арасындағы байланысты тиімді ұйымдастыру жолдарын талқылау.

#### **Тақырыбы: «Ана – капиталы»**

**Мақсаты:** Отбасылық экономикадағы қаржылық сауаттылықтың маңыздылығы туралы идеяларды талқылау.

#### **Міндеттері:**

*Отбасындағы ана капиталының (отбасының қоры) маңызы*

*Көпбалалы аналардың тәжірибесі бойынша отбасындағы қор*

*Өзекті мәселелерді талқылау, тәжірибе алмасу және пікір бөлісу.*



Әдістемелік орталықтың инновация бөлімінің әдіскері Р.А. Шаяханова семинардың ашылуында алғы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Өз сөзінде ол:

- Қазіргі қоғамда баланың жан-жақты дамуы маңызды. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық жобалардың енгізілуі – уақыт талабы. Бүгінгі семинарда талқыланатын қаржылық сауаттылық – балаларға ерте жастан қаржыны тиімді басқару негіздерін үйретудің маңызды құралы. Балалар осы бастан ақша туралы түсінік алып, құндылықты бағалауды үйренсе, бұл олардың болашақта саналы, жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан қаржылық сауаттылықты дамыту – балабақша қабырғасынан басталуы тиіс, – деп атап өтті.

**«Көркем» ортаңғы тобының қаржылық сауаттылыққа байланысты  
«Өркен-БАЙ» ақшасын жасап отырған сәтінен...**

**Эксперименттік топтағы балалардың біліктері мен дағдыларының  
даму деңгейінің бастапқы диагностика нәтижесінің қорытындысы**

**2024-2025 оқу жылы**

№	Топ атауы	Бала саны	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	Жалпы деңгей
1	«Шабьт» ортаңғы эксперименттік тобы	30	7/23%	8/28%	15/50%	100%
2	«Көркем» ортаңғы эксперименттік тобы	31	5/16%	16/50%	11/34%	100%
3	«Тұмар» ортаңғы бақылау тобы	29	5/17%	9/31%	15/52%	100%
4	«Ғибрат» ортаңғы бақылау тобы	30	5/18%	10/33%	15/50%	100%

**«Шабьт» ортаңғы эксперименттік тобы:**

Жалпы бала саны - 30 бала. 7бала- 23% жоғары деңгей, 8 бала -28% орташа деңгей, 15 бала- 50% төмен деңгейді көрсетті. Балалардың жалпы деңгейі - 100% көрсетті.

**«Көркем» ортаңғы эксперименттік тобы:**

Жалпы бала саны-31 бала.

5 бала-16% жоғары деңгей, 16 бала-50% орташа деңгей, 11 бала-34% төмен деңгейді көрсетті. Балалардың жалпы деңгейі - 100% көрсетті. **«Тұмар» ортаңғы бақылау тобы:**

Жалпы бала саны-29 бала. 9 бала-17% жоғары деңгей, 9 бала-31% орташа деңгей, 15 бала-52% төмен деңгейді көрсетті. Балалардың жалпы деңгейі -100% көрсетті. **«Ғибрат» ортаңғы бақылау тобы:**

Жалпы бала саны-30 бала. 5 бала-18% жоғары деңгей, 10 бала-33% орташа деңгей, 15 бала -50% төмен деңгейді көрсетті. Балалардың жалпы деңгейі -100% көрсетті.

*Бастапқы диагностика нәтижесінің қорытындысы бойынша эксперименттік топ* бойынша барлығы 61- бала, 12 бала-19% жоғары деңгей, 24 бала-39% орташа деңгей, 26 бала - 42% төмен деңгейді көрсетті.

*Бақылаушы топ* бойынша барлығы-59 бала. 10 бала-17% жоғары деңгей, 19 бала-32% орташа деңгей, 30 бала - 51% төмен деңгейді көрсетті.

### Эксперименттік топтағы балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің аралық диагностика нәтижесінің қорытындысы

#### 2024-2025 оқу жылы

№	Топ атауы	Бала саны	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	Жалпы деңгей
1	«Шабыт» ортаңғы эксперименттік тобы	29	9/29%	13/42%	9/29%	100%
2	«Көркем» ортаңғы эксперименттік тобы	31	9/29%	15/48%	7/23%	100%
3	«Тұмар» ортаңғы бақылау тобы	29	4/14%	9/20%	15/65%	100%
4	«Ғибрат» ортаңғы бақылау тобы	30	9/29%	13/42%	9/29%	100%

*Бастапқы диагностика нәтижесінің қорытындысы бойынша эксперименттік топ* бойынша барлығы 61- бала, 82 бала-30% жоғары деңгей, 28 бала-45% орташа деңгей, 15 бала - 30% төмен деңгейді көрсетті.

*Бақылаушы топ* бойынша барлығы-59 бала. 13 бала-22% жоғары деңгей, 22 бала-37% орташа деңгей, 24 бала - 41% төмен деңгейді көрсетті.

## V Оқу-материалдық активтер

### Ғимарат туралы мәлімет

Астана қаласы әкімдігінің №58 "Өркен" балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2010 жылдан бастап жұмыс істейді.

Жобалық қуаттылығы - 336 орын.

Ғимарат типтік, екі қабатты.

**Балабақшаның жұмыс тәртібі:** Балабақша аптасына 5 күн жұмыс істейді.

**Демалыс күндері:** сенбі, жексенбі.

Балалардың балабақшада болу ұзақтығы: 07.30-дан 18.00-ге дейін.

Оқу жылында балабақша оқу-тәрбие іс-әрекетін мемлекеттік құжат Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын негізге ала отырып барлық топтар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» арқылы жүзеге асырады.

Балабақша мекемесінде: әдіскерлер, психологтар, дефектолог, логопед, қазақ тілі маманы, музыка жетекшілері, дене шынықтыру нұсқаушылары, мейірбике, дәмбике және т.б. қызметкерлер жұмыс жасап, өздеріне тиесілі қызмет түрлерін көрсетеді. **Балабақшаның арнайы бөлмелері:**

*Спорт залы*

*Музыка залы*

*Кітапхана орталығы*

*Логопед кабинеті*

*Дефектолог кабинеті*

*Педагог-психолог кабинеті*

*Coworking ocenter кабинеті*

*Есепші кабинеті*

*Бассейн*

*Театр бөлмесі*

*Асхана*

*Тұзды бөлме*

*Арт терапия*

*Қыш-саз бөлмесі*

*Құм терапиясы бөлмесі*

*Бассейн*

### **Ақылы қамтамасыз ету туралы ақпарат (қосымша қызмет)**

2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР «Білім туралы» заңының 49-бабының 5- тармағына, «Мектепке дейінгі ұйымдардың типтік ережесінің» 2- бөлімінің 24- тармағы (ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген) негізінде: №58 «Өркен» балабақшасындағы тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес қосымша қызметтер көрсетеді:



Қосымша ақылы қызметтерді ашу келесі мақсаттарда жүзеге асырылды:

Өткізілген сауалнама бойынша ата-аналармен балабақша арасында төмендегі келісім-шарт ұйымдастырылды:

Балабақша мекемесі меңгерушісінің атына таңдаған ақылы қызметтер бойынша өтініш 17 қыркүйек - 01 қазан аралығында қабылданады.

Өтініш бойынша балабақшамен ата-аналар арасында келісім-шартқа отырғызу ұйымдастырылады.

Келісім-шартқа отырғызудан кейін үйірме кестесі бойынша ақылы қызмет өз жұмысын бастайды.

Үйірме жұмыстары ұйымдастырылған іс-әрекеттен бос уақытта күннің екінші жартысында өткізіледі.

## **Жиһаз және жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтер**

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтарында бекітілген №70 бұйрық бойынша №58 «Өркен» балабақшасы жиһаз және құралдармен жабдықтау нормасына сәйкес жабдықталған.

Ғимарат заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған 14 топ, орталықтандырылған жылу, су, канализация, сантехникалық жабдықтар қалыпты жағдайда. Топтық және жататын бөлмелер бір-бірінен бөлінген. Әрбір топтың өзінің бөлек есігі бар. -Медициналық жұмыс бөлмесі, медициналық кабинет, егу жүргізу бөлмесі, оқшалау бөлме және дәретхана. -Ас әзірлейтін бөлмелер бар, талапқа сай.

-Кір жуатын бөлме заман талабына сай жабдықталған жұмыс істейді.

Мектепке дейінгі ұйымда баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Топтары таза, кең, жарық, ойыншықтары мол. Барлық топтарда пәндік-дамытушы орта-көп функционалды, вариативті, қарқынды, балалардың жастарына сай дамуының ерекшелігін және мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің ауысып отыратындығын есепке алып құрылған. Екінші қабатта арнайы ұйымдастырылған баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, сезімдік-эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру үшін музыка залы және спорт залы бар. Әр топтың өз серуендейтін жері (*учаскесі*) бар, мұнда әрбір жас ерекшелігіне сәйкес ойын құрал-жабдықтарымен қамтамыз етілген. Арнайы ойын-сауық өткізу үшін, жазғы уақыт аралығында балалармен қимылды ойындар, дене жаттығуларын ұйымдастыруды көздейтін спорттық алаң бар.

Балабақшаның әр жас ерекшелігі тобында балалардың барлық қызмет түрлерінде тәуелсіз, белсенді және мақсатты дамуы үшін жағдайлар жасалған.

Балалардың жас ерекшеліктеріне қойылатын талабына байланысты ұйымдастырылған іс-әрекеткестесі оқу жоспарына сәйкес құрылған. Күн тәртібі гигиеналық талаптарға сай, жылдық жоспар негізінде балабақшадағы педагогтармен ай сайын перспективті жоспар мен циклограммалар құрылады. Іс-әрекетті ұйымдастыру барысында тәрбиешілер педагогтермен бірлесіп әртүрлі тәсілдерді қолданады. Бұл-кіріктірілген, ұжымдық, топтық, жарты топпен, жеке іс-әрекеттер. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс барысында педагогтар әр баланың мінез-құлқын, жас психо-физиологиялық ерекшеліктерін, табиғи дара шығармашылық қабілетін ескереді. Педагогикалық құзыреттілік мәселені сараптау және жоспарлау негізінде құрылады. Балабақшада әр баланың

жеке тұлға боп дамуына барлық жағдай жасалынған. Барлық жастағы топтарда жас ерекшеліктеріне сай мольберттер, үлгілер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық қолөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға-қарындаштары, қағаздары, мүсіндеуге-ермексаздары, әртүрлі керекті заттары қолжетімді орналасқан. Театрланған әрекеттер үшін түрлі жабдықтар (*қуыршақтар, театрлық костюмдер, шымылдық*), театрдың бірнеше түрі (*көлеңкелік, үстелдік және т.б.*) бар. Педагогтармен әр ай сайын жоспарлы сюжетті-рөлдік қойылым көрсетіледі. Бұл балалардың адамгершілік құзыреттіліктерін дамытады. Экологиялық және тәжірибелік (*экспериментальді*) орталықтарда экологиялық мәдениетті дамытуға арналған көрнекі құралдар (*альбомдар, сурет жинақтары, дидактикалық ойындар және т.б.*) сияқты иллюстративті материалдар; көгалдандыру бұрыштары (*үй өсімдіктері*) бар. Орталықта өсімдікті өсіруге және оларға күтім жасауға арналған (*бау-бақша, гүл өсіретін орындар*) барлық жағдай жасалған. Балалардың қарапайым жеке ғылыми көзқарастарын дамытуға арналған материалдар және балаларға тәжірибе жасауға арналған құралдар бар. Балабақшаның әрбір жоғарғы топтарында балалардың танымдық дүниетанымын дамытуға арналған (*мозайкалар, түрлі-түсті ойыншықтар және т.б.*) дидактикалық ойындар (*лото, домино, сурет жиынтықтары*) әр түрлі сюжетті ойын жиынтықтары және қуыршақтар мен әртүрлі пішіндегі жануарлар, ойыншық жиһаздар, ойыншық телефон сияқты және балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған сюжетті рөлді ойындарға арналған тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар. Серуен кезінде ойнауға арналған (*шелек, күрек, түрлі пішіндер, қалақтар*) ойыншықтары бар. Орталықтағы ойыншықтардың барлығы тақырыпқа сай орнатылған, әрбір бала өзіне ұнаған ойыншықты алып ойнайды. Әрбір топта осы балабақшаның қызметкерлері дайындап жасаған (*ой қабілетін, қол саусақтарын дамытуға*) дидактикалық материалдар бар. Ересек топтарда балалардың құрастыру қызметін дамытуға арналған барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар ұсақ және ірі құрылыс материалдары (*әр түрлі әдіспен құрастыратын фетрден*) түрлі құрастырғыштар, түрлі құрылыс схемалары, сызбалары, мозайкалар, танграммалары бар. Сондай-ақ барлық топтарда оқшаулану бұрышы бар. Орталықтың дамыту саласы баланың жеке тұлғасын дамыту үшін барлық жағдайлар қамтамасыз етілген. Балалардың даму белсенділіктерін арттыру үшін тәрбиешілер балабақшаны материалдармен қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі. Сонымен қатар әрбір топта балалардың ойнау қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған ойын алаңдары бар. Топтағы ойнау бұрыштары сюжетті рөлге бөліну және дамыту ойыншықтарынан тұрады. Кіші және ортаңғы топтар сюжетті рөлге бөліну ойындарының барысында балалардың өздігімен рөлді бөлу, ересектермен

бірігіп ойынға арналған құралдарды дайындау мәнері қалыптасып, сонымен қатар ойындарды ұйымдастыру белсенділігі артады. Ойнау барысында балалардың қоршаған орта туралы көзқарастары қалыптасып, тіл байлығы мен психикалық процесстері дамып, еңбексүйгіштік қасиетке бейімделіп тәрбиеленеді. Барлық материалдар балалардың жас ерекшеліктері мен психофизикалық ерекшеліктерін, санитарлы-гигиеналық талаптарын, психо-педагогикалық шарттарын ескере отырып жасалып, жинақталатындықтан баланың интеллектуалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге себебін тигізеді. Балабақшаның барлық табиғи- кеңестік ортасы санитарлық тексеру мекемелерінің талаптарына сәйкес келеді. (4-қосымша)

## VI Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылған жұмыстар (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес ұсынылды.) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекеттердің МЖМБС талаптарына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы», «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығында бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (*ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес*) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген іс-әрекет.

Әдістемелік кабинетте оқыту және тәрбиелеу қызметіне барлық жағынан бағытталған ғылыми және балаларға арналған әдебиеттер, сонымен қатар мерзімді баспасөздер және әдістемелік басылымдарорын алған. Әдебиеттердің қоры педагогикалық ұжымның мақсаттары мен міндеттерінен туындай отырып, тұрақты түрде толықтырылып отырады. Ұйымдастырылған іс-әрекетте жас топтарының педагогтары ата-аналары өз қаражатына ерікті негізде сатып алатын "Алматыкітап" оқу-әдістемелік кешендерін пайдаланады.

Мектепке дейінгі ұйымның үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құрылды. (5-қосы

## Тәрбиеленушілердің білімін бағалау

### Тәрбиеленушілердің дамуына мониторинг *(бастапқы, аралық мониторинг)* есебі

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы білім беру сапасы мәселесін шешудің негізі білім беру процесінің сапасын басқару жүйесін жобалау және енгізу болып табылады. Мектепке дейінгі балалардың құзыреттілік дамуының мониторингі әр балаға жеке көзқарасты жүзеге асыруға ықпал етті, нақты баланың білім беру бағдарының траекториясын әзірлеуге көмек көрсетті. Деректер негізінде әрбір педагог білім беру процесіндегі күшті және әлсіз орындарды, оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдауда, бекітуде, іс-әрекетін құру нысанында көре алды. Мониторинг нәтижелері бойынша, сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың оқу жылы ішінде білім беру саласындағы ұйымдастырылған іс-әрекетінің түрлері бойынша білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейі байқалады, мониторинг күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, оларды шешу жолдарын белгілеуге мүмкіндік берді.

Мониторингтің мақсаты-баланың негізгі жалпы білім беру бағдарламасын меңгеру дәрежесін және мектепке дейінгі мекемеде ұйымдастырылатын білім беру процесінің баланың дамуына әсерін анықтау және қажет болған жағдайда баланың жеке басының әлеуетін барынша ашу үшін білім беру жұмысының жеке бағытын белгілеу. Мониторинг міндеттері:

Білім беру салалары бойынша балалардың бағдарламалық материалды меңгеру деңгейін анықтау;

Балалармен жұмысты оңтайландыру, топтар бойынша мониторинг қорытындысы бойынша жұмыс бағытын белгілеу;

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру барысының тиімділігі туралы, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізіледі (*бастапқы – қыркүйекте, аралық - қаңтарда және қорытынды-мамырда*).

Шығарылған нәтижелер "Бақылау парағында" толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы жазылады. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізіледі. Баланы дамытудың жеке картасында "түзету іс-шаралары" бөлімінде балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды толтырады. Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші педагог-мамандармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.

Білім беру ұйымын бағалау критерийлеріне сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілді

**2024-2025 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдылары дамуының қорытынды бақылау нәтижелері**

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту		Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
Кіші топ	32	13	15	5	14	15	4	10	18	5	11	15	7			
Ортаңғы топ	57	40	17	0	39	19	0	32	25	0	40	18	0	38	19	0
Ересек топ	89	53	32	5	53	34	4	42	43	5	51	33	7	38	19	0
Мектепалды топ	158	142	8	0	135	23	0	140	18	0	125	33	0	138	20	0
Барлығы	336	248	72	10	241	91	8	224	104	10	227	99	14	214	58	0
%	100	74	21	3	72	27	2	67	31	3	68	29	4	64	17	0

## **Қорытынды:**

Қорытынды диагностикаға қатысқан балалар саны 336 бала, *(шағын орталықтағы балалар санын қоса алғанда)*.

2024-2025 оқу жылында балалардың біліктіліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы және аралық мониторинг нәтижелері бойынша көсеткіштердің жақсарғаны байқалады. Білім беру қызметі үлгілік бағдарламаға сәйкес жоспарлы, жүйелі жүргізіледі. Осы оқу жылға арналған педагогикалық процесті ұйымдастырудың басты шарты-мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және тәрбиелеу мен білім беруді жан-жақты дамытуға ықпал ете отырып, физикалық дамуын, коммуникативті, танымдық, зияткерлік шығармашылық, эмоционалды-элеуметтік дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылды.

## **VII Астана қаласы әкімдігінің «№58 «Өркен» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау**

### **ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

№58 «Өркен» балабақшасында мемлекеттік өзін-өзі бағалау кезінде әдістемелік қызметтің нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды.

Балабақша тәрбиелеу-білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне *(бастапқы, аралық, қорытынды)* сәйкес жүзеге асырылады.

Перспективалық жоспарды тәрбиешілер және басқа да педагогтер құрастырады.

Біздің балабақшамыз кешенді сауықтыру, оқу-тәрбие, түзету-педагогикалық жұмыстарын жүргізеді. Мақсатымыз-балалардың денсаулығын қалпына келтіру мен жақсарту, оларды физикалық, психологиялық жағынан қоғамға барынша бейімдеу. Оқу-тәрбие жұмысы түзету-дамыту бағытын жүзеге асыра отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарттары негізінде әзірленген бағдарламаларға сәйкес жүргізіледі. Олардың арасында тәрбиешілер ғана емес, логопед, дефектолог, психолог, дене шынықтыру, жүзу нұсқаушысы, музыка жетекшілері бар. Мұндағы логопед, дефектолог, психолог кабинеттері арнайы жабдықтармен жабдықталған. Балалардың ой-өрістерінің дамытуға, денсаулықтарын нығайтуға барлық жағдай жасалған.

Педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, ашық іс-әрекеттер, дөңгелек үстелдер, балабақшаның өзге мекемелермен сабақтастығы аясында кездесулер, экскурсиялар, шеберлік сыныптар үнемі өткізіліп тұрады.

Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілер мен мамандардың балалармен тәрбие-білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтар, дидактикалық ойындар, картотекалар, әртүрлі қалдық заттардан ойыншықтар жасау т.б. кеңінен қолданылуда.

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі қадағаланады, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Балабақша қызметкерлері арасында ата-аналармен тығыз байланыс орнатылған.

